

**«Сапалы білім баршаға қолжетімді» ұлттық баяндамасын жүзеге асыру бойынша
Ақтөбе қаласы №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК 2025-2026 оқу жылына жол картасы бойынша
жоспар құрылып, жұмыстар жасалды**

1.Қосымша тапсырма:Балаларды балабақшаға қамтуды ұйымдастыру. Балабақша –жайлылық пен даму аймағы бойынша, 2025-2026 оқу жыл басында балаларды балабақшаға қамтуды және сиымдылығына сай қабылдау ұйымдастырылды. Балабақшада төтенше жағдайлардың алдын алу(дабыл түймелерін орналастыру, өрт қауыпсіздігіне эвакуациялық жаттығулар жүргізу, терроризмнің алдын алу) нұсқаулықтары жүргізілді.



2.Қосымша тапсырма:Мектепке дейінгі мекеме және бастауыш мектептер арасындағы жұмысты бірлестіру Мектепке дейінгі мекеме және бастауыш мектептер арасындағы жұмысты бірлестіру барысында.«Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық» жоспарын бекітіліп,«Біз мектепке барамыз» мектепке саяхат ұйымдастырылды, балалар бастауыш сынып ұстаздарымен танысып, мектептің 1 класс кабинеттерімен, музыка, спорт залдарымен, кітапхана, асханалармен танысу жүргізілді.



Қ.Сәтбаев атындағы мектеп лицейі бастауыш сынып мұғалімдері балабақшаға келіп тәрбиешілермен кездесіп, «Ашық есік» күні ұйымдастырылды және балалардың мектепке дайындығын зерделеп, ашық қаралымдарға қатысты.

3.Қосымша тапсырма: Әр баланың дамуының жеке траекториясын құру. Әр баланың дамуының жеке траекториясын құру мақсатында 2025-2026 оқу жылына балабақшада адаптивті бағдарламалары құрылды «Театрға саяхат», «Learnig Funny English», «Зерек бала» мектепалды топ, «Би билеп үйренейік» барлық топтарға арналған бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Зерек бала» бағдарламасы бойынша жұмыстар

Мақсаты:

- Балалардың алғашқы сауаттылығын қалыптастыру.
- Балаларды көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту.
- Дыбыс пен әріпті және сандардың құрамын ажыратуға үйрету.
- Тілдің грамматикалық құрылымына, сөзді дыбыстау мәдениетіне және байланыстырып сөйлеуге үйрету.
- Жазу кезінде арқаны және қолдарды дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Қаламды немесе қарындашты дұрыс ұстауға үйрету.
- Дыбыстық құрылымы әр түрлі үш және төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасауды жетілдіру.



«Театрға саяхат»

Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерді сахналау арқылы олардың шығармашылық және сөйлеу қабілеттерін дамыту



Театрға саяхат бағдарламасы аясында балалармен әртүрлі танымдық, шығармашылық және тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі. Мысалы:

1. Театрмен таныст; Театр деген не, оның түрлері (куыршақ театры, драма театры), Сахна, декорация, костюм, актер ұғымдарын түсіндіру, Театрдағы тәртіп ережелерін үйрету
2. Қойылым көру және талдау, Балаларға арналған спектакль көру, Қойылымнан кейін кейіпкерлерді, оқиғаны талқылау “Қай кейіпкер ұнады?” сияқты сұрақтар арқылы ой бөлісу
3. Рөлдік және драмалық ойындар, Ертегілерді рөлге бөліп ойнау, Кейіпкерлердің мінезін салып көрсету, Импровизациялық ойындар ұйымдастыру
4. Шығармашылық жұмыстар; Маска, куыршақ, декорация жасау, Кейіпкерлердің суретін салу Қысқа сахналық көріністер құрастыру
5. Тіл дамыту жұмыстары; Мәнерлеп оқу, Диалог құрастыру, Сөздік қорын байыту
6. Тәрбиелік бағыт; Эмоцияны жеткізе білу, Бір-бірін тыңдау, топта жұмыс істеу, Жақсылық пен жамандықты ажырату
7. Қорытынды іс-шара; Балалардың өздері шағын қойылым қоюы, Ата-аналарға немесе басқа топтарға көрсету

Осындай жұмыстар арқылы балалардың қиялы, сөйлеу дағдысы, шығармашылығы және әлеуметтік қабілеттері дамиды.

«Би билеп үйренейік» бағдарламасы бойынша жұмыстар

Мақсаты: Балалардың би өнеріне деген қызығушылығын арттыру, музыканы сезіну қабілетін дамыту, ырғаққа сай қимылдауды үйрету және эстетикалық талғамын қалыптастыру. Сонымен қатар дене икемділігін жетілдіру, сахна мәдениетін меңгерту, өзіне сенімділік пен шығармашылық белсенділікті дамыту.



Балабақшада балалар би үйірмесіне өтте қызығушылық танытып, белсенді қатысады. Би балалардың денсаулығына, тәртіп, сенімділік және шығармашылық еркіндік береді. Әр мерекеде, конкурстарда балалардың күштарлығы ойанып, өздерің жана қырларынаң танытады. «Би билеп үйренейік» бағдарламасы баланың физикалық, эстетикалық және психологиялық дамуына үлкен әсер етеді. Бұл- тек би үйрену емес, баланың жан-жақты дамуына бағытталған маңызды тәрбиелік құрал.

Балабақшада әр топта заттық-дамытушылық орта жасақталды, ол балардың жан-жақты дамуына жағдай жасайтың, арнайы ұйымдастырылған кеңістік пен құрал - жабдықтар жүйесі орнатылды . Балардың танымдық белсенділігін арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады. Балалардың жас ерекшелігіне сай материалдармен қамтамасыз етілген.





«Кітаппен дос болайық» балабақшадағы кітап бұрышы -балалардың тілін дамытуға, қиялын кеңейтуге және кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға арналған арнайы ұйымдастырылған оқу аймағы. Кітап бұрышы - баланың рухани дамуының алғашқы қадамы. Осындай ортада өскен бала кітапты досындай көреді.



2025-2026 оқу жылында мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіру бойынша 11 қараша айында балабақшада семинар-практикум: «Инновациялық ойын технологияларын қолдану арқылы педагогтердің балалармен жұмыс жасаудағы кәсіби құзіреттілігін арттыру» **Мақсаты:** мектепке дейінгі білім беру ұйымында балалармен жұмыс жасауда ойынды инновациялық технологиялар арқылы қолдану әдіс- тәсілдерін педагогтарға іс-тәжірибемен бөлісті.



«Вариативтік бағдарламалар: негізі ұғымдар және маңызы Авторлық бағдарламалар: ерекшеліктері мен артықшылықтары» атты семинарға педагогтар қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым әдіскер және педагогтеріне вариативтік бағдарламалар, олардың негізгі ұйымдары және маңызы, авторлық бағдарламалардың ерекшеліктері мен артықшылықтары туралы түсінік беру.



5. Тапсырма: Тәрбие тәсілдеріне өзгеріс енгізу. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінен әр баланың әлеуетін барынша дамыту үшін жағдай

«Адал азамат», «Жапырақ тамырдан нәр алады», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Отбасы - бақыт мекені», «Әжемнің көжесі», «Көктемнің көркі- Наурыз», «Шынықсаң – шымыр боласын»







Балабақшада ашық ұйымдастырылған іс-әрекетті жоспарланып өткізілді. Оның мақсаты- педагогтің кәсіби шеберлігін көрсету, тәжірибе алмасу және балалардың білім, дағдыларын бақылау.

Мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктері ескере отырып жыл басында және жыл аяғында мониторинг жүргізілуде, мектеп жасына дейінгі баланың қауіпсіздік ережелері үнемі қадағалап отырылады, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың ең маңызды бөлігі. Тәрбиеші мен қызметкерлер әр баланың қауіпсіз ортада тәрбиеленуін қамтамасыз етуі тиіс.



6. Тапсырма: Ата-аналардың белсенділігін арттыру. Балабақшадағы балалардың тамақтану гигиенасы (зиянды тамақтар) талаптарының сақталуын бақылау, денсаулықты сақтау ережелері, жұқпалы вирустардан қорғану нұсқаулық кеңестері балабақша медбикесі жұмыстар жүргізді. Рационалды теңестірілген тамақтандыруды ұйымдастырудың негізгі қағидаларымен таныстырылып. Балалардың тамақтану гигиенасы (зиянды тамақтар) талаптарының сақталуын бақылау, денсаулықты сақтау ережелері, жұқпалы вирустардан қорғану нұсқаулық кеңестері беріледі.



Балаларға әртүрлі жұқпалы вирустардан қорғану туралы кеңестер беріледі. Балаларға қолды қалай жуу керек, таза жүру, тырнақты қысқа ұстау, киімді таза кию сияқты кеңестер берді, жөтелгенде ауызды жауып жөтелу кеңестер берді. Балабақша медбикесі балаларға үнемі дәрумендердің пайдасы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады. Ата-аналарға жаднама таратып отырады.

Біздің балабақшада «Аналар мектебі» жұмыс жоспары бойынша жүргізілуде, «Шебер қолдар мұрасы» байқауы. «Ана көрген тон пішер» шеберлік сағат«Жеті қазына мен жеті ата – ұлт тірегі»жұмыс жоспары бойынша, «Менің әкем жақсы адам» дөңгелек үстел,«Асық ату-мергендік мектебі» спорттық ойындар, «Әжелер мектебі» жұмыс жоспары бойынша, «Наурыз думан- салт дәстүр сәні» наурыз мерекесі, «Әжем айтқан ертегі» ертегі , «Аталар мектебі» жұмыс жоспары бойынша «Қарттар күні» ертеңгілік,«Кітап -рухани қазына» отбасындағы кітапхана, «Ата текті білу - парыз» шежіре жаттау «Батамен ел көгереді» бата жаттау әр-түрлі іс шаралар өтуде.

Ата –аналарды баланың дамыту процесіне тарту, әр баланың отбасымен серіктестік орнатылды, оның ішінде ата-аналардың баланы дамыту жөніндегі ұйыммен бірлесе отырып жауапкершілігін арттыру мақсатында «Қамқоршылық кеңес» құрамы бекітілді және жұмыстар жүргізілді. «Үздік ойын алаңы»ойын учаскесін жаңартылып, түрлендіріп, көгалдандыру жұмыстар жүргізілді, «Ең үздік топ» топ бөлмелерін ойын бұрыштарын жаңартылды. «Жасыл әлем» балабақша ауласын көгалдандыру, сенбіліктер, челенджерұйымдастырылды.

Балабақшаға 2 топқа «Балапан» және «Күншуақ» ортаңғы тобына 3 жас ерекшеліктеріне сай жалпы дамытушы ортаға арналған ойыншықтар конструкторлар, лево ойыншықтары, асхана, шаштараз, дүкен, құрылысшы ойындары, спорттық инвентарлық құрал жабдықтар бар.

2 топқа «Гүлдер» және «Айгөлек» ересек тобына 4 жас ерекшеліктеріне сай жалпы дамытушы ортаға арналған ойыншықтар математикалық сандар әлеміне байланысты танымдықойындар, сюжетті рольді ойындар ойыншықтары, асүй, сұлулық салоны сәндік құралдар, тағам түрлері, техникалық құрылыс ойындары, спорттық инвентарлық құрал жабдықтар бар. 2 топқа «Балдырған» және «Алма» мектепалды тобына 5-6 жас ерекшеліктеріне сай жалпы дамытушы ортаға арналған ойыншықтар амандықтар тақырыбына байланысты сюжеттік ойындар, логикалық ойындар, интеллектуалдық танымдық, ойындар, әлеуметтік ортаға арналған ойындары, спорттық инвентарлық құрал жабдықтармен қамтамас етілген.